**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 1321 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 желтоқсанда № 33817 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін, кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Тізбенің 3-тармағының төртінші, бесінші, жиырмасыншы, жиырма үшінші, жиырма бесінші, отыз бесінші, отыз тоғызыншы, қырық алтыншы, қырық сегізінші, елу төртінші, алпыс үшінші, алпыс жетінші, алпыс тоғызыншы, және жүз төртінші абзацтарын және Тізбенің 2-тармағын қоспағанда, 2024 жылғы 15 наурыздан бастап күшіне енетін және ресми жариялануға жататын осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Премьер-Министрінің орынбасары -*
*Қаржы министрі* *Е. Жамаубаев*

"КЕЛІСІМДІ"
Қазақстан Республикасының
Көлік министірлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -

Қаржы министрі
2023 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 1321 Бұйрықпен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)**

1. "Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларын және оның нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18583 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысандағы шот-фактураларды жазып беру қағидаларында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Осы Қағидалардың 12-тармағында және 53-тармағының екінші абзацында көрсетілген операцияларды жүзеге асыру кезінде ЭШФ мынадай мәртебеге ие болады:

1) "Қаралмады" – Салық кодексінің 412-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және бірегей тіркеу нөмірі берілген, ЭЦҚ-мен куәландырылған, бірақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы қарамаған ЭШФ;

2) "Жеткізілді" – Салық кодексінің 412-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және бірегей тіркеу нөмірі берілген ЭЦҚ куәландырылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы қараған ЭШФ;

3) "Жойылды" – міндетті түрде түзетілген ЭШФ жазып бере отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші жойған ЭШФ;

4) "ТІЖ ауытқыған кезде жойылды" – ТІЖ жеткізушісі ресімдеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы қабылдамаған кезде жойылған ЭШФ;

5) "ТІЖ кері қайтарылған кезде жойылды" – бұрын ресімделген ТІЖ тауарларын, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін жеткізуші кері қайтарып алған кезде күші жойылған ЭШФ;

6) "Есепке алу мен шегеруге арналған ЭШФ АЖ жойылады" – сот осындай салық төлеушіден тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің іс жүзінде алынғанын анықтаған мәмілелерді қоспағанда, заңды тұлғалармен және (немесе) соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде тіркеуі/қайта тіркеуі жарамсыз деп танылған дара кәсіпкерлермен мәмілелер (операциялар) бойынша ЭШФ;

7) "Кері қайтарылды" – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің кері қайтарған ЭШФ;

8) "Шимай" – ішінара толтырылған, редакцияланатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға жіберілмеген құжат;

9) "Импортталған" – салық төлеушінің есепке алу жүйелерінен ЭШФ АЖ-да жүктелген, ол бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілген, бірақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға жіберілмеген ЭШФ;

10) "Қате" – осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін тексеруден өтпеген және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға жіберілмеген ЭШФ;

11) "Қабылданбаған" – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы қабылдамаған ЭШФ;

12) "ЭШФ АЖ бұғатталған" – мемлекеттік қолдау шараларын қолдану үшін уәкілетті органға жіберілген ЭШФ.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Түзетілген немесе қосымша ЭШФ осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оған қосымша немесе түзетілген ЭШФ жазып берілген күннен бастап салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі шегінде жазып беріледі.

Салық кодексінің 56-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес заңды тұлғаны қосу (қосылған заңды тұлға), біріктіру және бөлу жолымен қайта ұйымдастырылған құқықтық мирасқордың түзетілген ЭШФ жазып беруі жүргізілмейді.

Салық салынатын айналымның мөлшерін ұлғайту жағына қарай түзету бойынша заңды тұлғаны қосу (қосылған заңды тұлға), біріктіру және бөлу жолымен қайта ұйымдастырылған құқықтық мирасқордың қосымша ЭШФ жазып беруі Қазақстан Республикасының азаматтық және салық заңнамасында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.";

39-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН" деген 6.1-жолда қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу және бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН немесе заңды тұлғаның таратылған құрылымдық бөлімшелерінің БСН көрсетіледі;";

40-тармақ және 41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. "Жеткізушінің санаты" деген 10-жолда мыналарға:

"A" ұяшығында – егер жеткізуші комитент болып табылған жағдайда;

"B" ұяшығында – егер жеткізуші комиссионер болып табылған жағдайда;

"C" ұяшығында – егер жеткізуші экспедитор болып табылған жағдайда;

"D" ұяшығында – егер жеткізуші лизинг беруші болып табылған жағдайда;

"E" ұяшығында – егер жеткізуші өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) немесе Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде (ӨБК) қатысушы болып табылған жағдайда;

"F" ұяшығында – егер жеткізуші бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы болып табылған жағдайда; белгі қойылады

"G" ұяшығында – егер жеткізуші:

тауарлар экспорты кедендік рәсімінде тауарлардың әкетуін жүзеге асырған;

тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкетуін жүзеге асырған жағдайда толтырылады;

"H" ұяшығында – егер жеткізуші халықаралық тасымалдар бойынша қызмет көрсететін салық төлеуші болып табылған;

"I" ұяшығында – егер жеткізуші сенім білдірілген адам болып табылған жағдайда толтырылады.

41. ЭШФ бірлескен қызмет туралы шарттардың шеңберінде жазып берілген жағдайда және (немесе) өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) немесе Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде "Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінде:

1) Салық кодексінің 417-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес оның атынан ЭШФ жазып берілетін өкілінің немесе бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушысының деректемелері;

2) бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысының деректемелері;

3) оның атынан ЭШФ жазылатын Қазақстан Республикасы Президентімен бекітілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың немесе өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) қатысушысының деректемелері көрсетіледі.

ЭШФ тапсырыс шарты шеңберінде жазып берілген жағдайда, "Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінде Салық кодексінің 374-бабына сәйкес сенім білдірушінің деректемелері көрсетіледі.

"Өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) немесе Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қатысушысы (ӨБК)" "Е" және (немесе) "Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы" "F" торкөзді белгілеген кезде өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы және (немесе) бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілетін " Саны" 10.1-жол толтырылады, бұл өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) немесе Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қатысушы және (немесе) бірлескен қызметтің әрбір қатысушысы үшін толтырылатын "Жеткізушінің деректемелері" В, "Жеткізушінің банктік деректемелері" В1 және "Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректері" Н бөлімдерінің санын арттырады;

4) экспорттаушы, өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) немесе Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде (ӨБК) қатысушы болып табылатын, сондай-ақ Салық

кодексінің 393-бабы 3-тармағына сәйкес тауарларды өткізу бойынша айналым бойынша ҚҚС нөлдік ставкасын қолданатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші "ӨБК қатысушы" "E" торкөзін немесе "Экспорттаушы" "G" торкөзін белгілейді. Бұл торкөзді белгілеген кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші ЭШФ-ны шетел валютасында жазып бере алады;

5) халықаралық тасымалдар бойынша қызмет көрсететін жеткізуші Салық кодексінің 387-бабына сәйкес "Халықаралық тасымалдар" "H" торкөзін белгілейді. Бұл торкөзді белгілеген кезде Халықаралық тасымалдар бойынша қызмет көрсететін жеткізуші, ЭШФ-ны шетел валютасында жазып бере алады.";

44-тармақтың:

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "ЖСН/БСН" деген 16-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының ЖСН немесе БСН көрсетіледі (жол толтыруға жатады).

Бұл ретте, егер "Алушының санаты" деген 20-жолдың мынадай торкөзі белгіленсе:

"Резидент емес" деген "Ғ" – резидент еместің сәйкестендіру коды (нөмірі) көрсетіледі (ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан тауарларды әкелген кезде жол толтыруға жатады);

"Бөлшек сауда" деген "I" – бұл жол толтыруға міндетті болып табылмайды;";

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН" деген 16.1-жолда қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН көрсетіледі;";

52-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шарт ( келісімшарт)" деген 27.1-жолда белгі жасалады және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шарттың (келісімшарттың) нөмірі көрсетілетін "Нөмірі" 27.3-жолы және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге шарттың (келісімшарттың) күні көрсетілетін "Күні" 27.4-жолы толтырылады және 27.5 "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экспорт және импорт бойынша валюталық шартқа берілген сәйкестендіру нөмірі "Есептік нөмір" көрсетіледі. Жол деректері өзара тәуелді жолдар болып табылады. "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шартсыз (келісімшартсыз)" деген 27.2-жолды белгілеген кезде 27.3 және 27.4-жолдар толтыруға жатпайды;";

59-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы бағанда "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1", "2", "3" белгілеріне, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекетке тауарлардың экспорты кезінде "4" және "5" белгіге жататын тауарлар бойынша толтыруға жатады.";

мынадай мазмұндағы 61-1 және 61-2-тармақпен толықтырылсын:

"61-1. "Сандық өлшем бірлігі" деген 6/1-бағанда "Еуразиялық экономикалық одақтың өлшем бірліктері мен шоттарының сыныптауышы туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың өлшем бірліктері мен шоттарының сыныптауышына сәйкес өлшем бірлігінің шартты белгісі мен коды көрсетіледі (жол қадағалануға жататын тауарлар бойынша толтырылуға жатады).

61-2. "Сандық өлшем бірлігіндегі саны" деген 6/2-бағанда осы Қағидалардың 61-1-тармағында көзделген қабылданған өлшем бірліктерін негізге ала отырып, тауардың сандық өлшем бірлігіндегі саны көрсетіледі (жол қадағалануға жататын тауарлар бойынша толтырылуға жатады).";

74-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН" деген 34.2-жолда қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН көрсетіледі;";

көрсетілген бұйрықтың 2-қосымшасы осы тізбенің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінің "Виртуалдық қойма" модулі арқылы электрондық шот-фактуралар жазып берілетін тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 384 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18603 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің "Виртуалды қойма" модулі арқылы электрондық шот-фактуралар жазып берілетін тауарлардың Тізбесі:

реттік нөмірлер 272, 273, 274, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 286, 287, 288 және 289-жолдармен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 272 | негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — жеңіл дистилляттар мен өнімдер:<br>— — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — арнайы бензиндер:<br>— — — — өзгелер:<br>— — — — — өзгелер: | 2710122509 | 2024 жылғы 15 наурыз | |
| 273 | Шикі жыныстардан басқа , битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, | | 2024 жылғы 15 наурыз | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — жеңіл дистилляттар мен өнімдер:<br>— — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — — өзгелер:<br>— — — — — арнайы бензиндер:<br>— — — — — — авиациялық бензиндер: | 2710123100 | | |
| 274 | Шикі жыныстардан басқа , битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — жеңіл дистилляттар мен өнімдер:<br>— — — өзге мақсаттар үшін: | | 2024 жылғы 15 наурыз | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | — — — — өзгелер:<br>— — — — — реактивті қозғалтқыштарға арналған бензин отыны: | 2710127000 | | |
| 275 | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — жеңіл дистилляттар мен өнімдер:<br>— — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — — өзгелер:<br>— — — — жеңіл дистилляттар өзгелер:<br>— — — — — өзгелер:<br>— — — — — — өзгелер: | 2710129008 | 2024 жылғы 15 наурыз | |
| | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 276 | 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — өзгелер:<br>— — — орташа дистилляттар:<br>— — — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — — — керосин:<br>— — — — — реактивті қозғалтқыштарға арналған жанармай: | 2710192100 | 2024 жылғы 15 наурыз | |
| | Шикі жыныстардан басқа , битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері: | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 277 | — битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — өзгелер:<br>— — — ауыр дистилляттар:<br>— — — — сұйық жанармай:<br>— — — арнайы өңдеу процесстері үшін:<br>— — — — — — мазуттар | 2710195101 | 2024 жылғы 15 наурыз | |
| 278 | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін | | 2024 жылғы 15 наурыз | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — өзгелер:<br>— — — ауыр дистилляттар:<br>— — — — сұйық жанармай:<br>— — — 2710 19 510 қосалқы позициясында көрсетілгендерден өзге, процестердегі химиялық өзгерістер үшін:<br>— — — — — — мазуттар | 2710195501 | | |
| 279 | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — өзгелер:<br>— — — ауыр дистилляттар: | 2710196201 | 2024 жылғы 15 наурыз | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | — — — — сұйық жанармай:<br>— — — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — — күкірт мөлшері 1%-дан астам, бірақ 2%-дан аспайтын:<br>— — — — — — мазуттар | | | |
| 280 | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — өзгелер:<br>— — — ауыр дистилляттар:<br>— — — — сұйық жанармай:<br>— — — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — — — күкірт мөлшері 1%-дан астам, бірақ 2%-дан артық емес: | 2710196401 | 2024 жылғы 15 наурыз | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | — — — — — — мазуттар | | |
| 281 | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — өзгелер:<br>— — — ауыр дистилляттар:<br>— — — — сұйық жанармай:<br>— — — — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — — — — күкірт мөлшері 2%-дан астам, бірақ 2,8%-дан артық емес:<br>— — — — — — — мазуттар | 2710196601 | 2024 жылғы 15 наурыз |
| | Шикі жыныстардан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 282 | аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, битуминозды жыныстардан алынған мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің немесе одан көп бөлігі, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады; пайдаланылған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикізаттан басқа) және басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған, құрамында 70% май бар өнімдер, құрамында биодизель мен пайдаланылған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады:<br>— — өзгелер:<br>— — — ауыр дистилляттар:<br>— — — — сұйық жанармай:<br>— — — — — өзге мақсаттар үшін:<br>— — — — — — күкірт мөлшері 2,8% астам:<br>— — — — — — — мазуттар | 2710196801 | 2024 жылғы 15 наурыз | |
| | Шикі заттан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да астам мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминоздық жыныстардан алынған, оның үстіне бұл мұнай өнімдері негізгі құрама | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 283 | өнімдер болып табылады; жұмсалған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикілерден басқа) басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да көп мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминозды жыныстардан алынған, оның үстіне биодизель және жұмсалған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады:<br>— — сұйық жанармай:<br>— — — құрамында күкірт 1%-дан артық емес :<br>— — — — — — мазуттар | 2710203101 | 2024 жылғы 15 наурыз | |
| 284 | Шикі заттан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да астам мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминоздық жыныстардан алынған, оның үстіне бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады; жұмсалған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикілерден басқа); басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да көп мұнай немесе мұнай өнімдері бар, | | 2024 жылғы 15 наурыз | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | битуминозды жыныстардан алынған, оның үстіне биодизель және жұмсалған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады:<br>— — сұйық жанармай:<br>— — — құрамында күкірт 1%-дан астам, бірақ 2%-дан артық емес:<br>— — — — мазуттар | 2710203501 | |
| 285 | Шикі заттан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да астам мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминоздық жыныстардан алынған, оның үстіне бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады; жұмсалған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикілерден басқа); басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да көп мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминозды жыныстардан алынған, оның үстіне биодизель және жұмсалған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады:<br>— — сұйық жанармай:<br>— — — құрамында күкірт 2%-дан астам, бірақ 2,8%-дан артық емес: | | 2024 жылғы 15 наурыз |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | — — — — мазуттар | 2710203701 | |
| 286 | Шикі заттан басқа, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да астам мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминоздық жыныстардан алынған, оның үстіне бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады; жұмсалған мұнай өнімдері:<br>— битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикілерден басқа); басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70% немесе одан да көп мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминозды жыныстардан алынған, оның үстіне биодизель және жұмсалған мұнай өнімдерін қоспағанда, бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады:<br>— — сұйық жанармай:<br>— — — құрамында күкірт 2,8%-дан артық емес:<br>— — — — мазуттар | 2710203901 | 2024 жылғы 15 наурыз |
| 287 | Мұнай коксы, мұнай битумы және битуминозды жыныстардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдерін өңдеуден қалған өзге де қалдықтар:<br>- мұнай битумы | 2713200000 | 2024 жылғы 15 наурыз |
| | Циклді спирттер және олардың галогенделген, сульфондалған, нитрленген немесе | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 288 | нитрозирленген туындылары:<br>— иістендіргіш:<br>— — бензил спирті | 2906210000 | 2024 жылғы 15 наурыз |
| 289 | Табиғи асфальт, табиғи битум, мұнай битумы, минералды шайырлар немесе минералды шайырлар пегі негізіндегі битум қоспалары ( мысалы, битум мастикалары, жол жабындарына арналған асфальт қоспалары) | 2715000000 | 2024 жылғы 15 наурыз |

".

3. "Тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаттарды рәсімдеу жөніндегі міндет қолданылатын тауарлар тізбесін, сондай-ақ Тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаттарды рәсімдеу және олардың құжат айналымы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 1424 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19784 болып тіркелген) мынадай өзгерту мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаттарды рәсімдеу жөніндегі міндет қолданылатын тауарлар тізбесі (бұдан әрі – Тауарлар тізбесі) ;";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу жөніндегі міндет қолданылатын Тауарлардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы 3-1-жолмен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 3-1 | "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 462-бабының 5) тармақшасына сәйкес газохол, бензол, нефрас, жеңіл көмірсутектер қоспасы, экологиялық отын. | 2024 жылғы 15 наурыз |

".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Тауарларға және олардың құжат айналымына ілеспе жүкқұжаттарды рәсімдеу қағидаларында мынадай өзгерістер енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Тауар қалдықтары бойынша қоймадағы тауар қалдықтарының нақты саны бойынша мәліметтерге сәйкес келуге тиіс "Қалдықтар" нысаны арқылы виртуалды қойма нысандары журналына енгізілетін мәліметтер.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарлар бойынша қоймадағы тауар қалдықтарының нақты саны бойынша мәліметтерге сәйкес келуге тиіс "Өндіріс" нысаны арқылы виртуалды қойма нысандары журналына енгізілетін мәліметтер.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Қағидалардың 64-тармағында көрсетілген, ТІЖ қағаз жеткізгіште рәсімдеуге жататын жағдайларды қоспағанда, ЭШФ АЖ электрондық нысанда рәсімделеді.

Өнім беруші (әкелу кезінде – алушы) ТІЖ осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Виртуалды қойма" модулі арқылы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде рәсімдейді.

Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 5, 6, 7 және 8-жолдарында көрсетілген тауарлар бойынша ТІЖ "Виртуалды қойма" модулін қолданбай рәсімделеді.

ТІЖ қағаз жеткізгіштерде рәсімдеу кезінде өнім беруші (әкелу кезінде – алушы) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларға қағаз ілеспе жүкқұжаттарды тіркеу және есепке алу журналын (бұдан әрі – Журнал) жүргізеді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. ЭШФ АЖ-да қамтылған электрондық құжат, сондай-ақ осы Қағидалардың 64-армағында көзделген жағдайларда ресімделген қағаз жеткізгіштегі ТІЖ-ы ТІЖ-ның түпнұсқасы (төлнұсқасы) болып табылады.

ТІЖ баспа түріндегі нысанында ТІЖ-дың электрондық (экрандық) нұсқасынан айырмашылықтарға жол беріледі. ТІЖ баспа нысанында жеткізуші толтырған деректемелері көрсетіледі.";

13, 14, 15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. ТІЖ:

1) Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3 және 3-1-жолдарында көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдау және (немесе) өткізу кезінде;

2) Тауарлар тізбесінің реттік нөмері 4-жолда корсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында өткізу кезінде;

3) тауарларды, рұқсат етілген ең жоғары жүк көтеруі 2,5 тоннадан аспайтын, жеңіл автомобильмен әкелуді қоспағанда, ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде;

4) Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3, 3-1 және 4-жолдарында көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағына әкету кезінде;

5) тауарларды, рұқсат етілген ең жоғары жүк көтеруі 2,5 тоннадан аспайтын, жеңіл автомобильмен әкетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына тауарларды әкету кезінде;

6) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік меншікке айналдырылған мүлікті өткізу кезінде (Тауарлар тізбесінің реттік нөмерлері 1, 2, 3, 3-1 және 4 жолдарда көрсетілген тауарлар) рәсімдеуге жатады;

7) жеке тұлғалардың автомобиль көлігімен ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде ТІЖ тауарларды, жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті (экспедициялау, курьерлік жеткізіп беру) жүзеге асыратын тасымалдаушы рәсімдейді;

8) Тауарлар тізбесінің реттік нөмірі 4-жолында көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша араластыруды қоспағанда, тауарларды бір тұлға шегінде және (немесе) бір тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасында өткізу кезенде ресімдеуге жатады.

Автомобиль көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде ТІЖ әрбір Автомобиль көлігіне жеке ресімделеді.

14. ТІЖ:

1) бөлшек сауда кезінде, мынадай жағдайларда:

тауарларды өткізу кезінде есеп айырысулар:

сатып алушыға бақылау-касса машинасының чегін ұсына отырып, қолма-қол ақшамен және (немесе) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу терминалдар арқылы;

төлем карточкаларын пайдаланып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықты ( құрылғыны) қолдана отырып;

жеке тұлғаларға тауарларды өткізу кезінде есеп айырысулар электрондық ақшамен немесе электрондық төлем құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылған кезде;

2) Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 3 және 3-1-жолдарында көрсетілген автожанармай құю станциялары тауарларды бөлшек саудада өткізуі кезінде;

3) ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан және ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан магистральды құбыржол жүйесі бойынша және (немесе) электр беру желілері бойынша тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде;

4) ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағына және ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына магистральды құбыржол жүйесі бойынша және (немесе) электр беру желілері бойынша тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде;

5) ЕАЭО-ға мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы тасымалдауды бастау орны болып табылатын ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде;

6) Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3, 3-1 және 4-жолдарында көрсетілген тауарларды қоспағанда, тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан межелі елі ЕАЭО-ға мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағы болып табылатын, ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде;

7) СЭҚ ТН коды Дүниежүзілік сауда ұйымын (бұдан әрі – ДСҰ) Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-га мүше мемлекеттердің аумағына алып қою тізбесіне енгізілген ыдысты әкету жағдайларын қоспағанда, қайтарылатын ыдысты тиеу кезінде;

8) тауарларды бір тұлғаның шегінде бір мекенжай бойынша орналасқан стационарлық, өндірістік және (немесе) қойма үй-жайлары арасында өткізу кезінде;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелу немесе жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде рәсімдеуге жатпайды.

15. Өнім беруші (алушы әкелу кезінде) Салық кодексінің 176-бабында көзделген, мынадай мерзімдерде ТІЖ:

1) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағымен алып өту, өткізу және ( немесе) тиеп-жөнелту кезінде – тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиеп-жөнелту басталғаннан кешіктірілмей;

2) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына:

ЕАЭО-ға мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелу кезінде – Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3 және 3-1-жолдарында көрсетілген, олар бойынша кедендік тазарту жүргізілген тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиеп-жөнелту басталғаннан кешіктірілмей;

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелу кезінде – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін;

3) Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3. 3-1 және 4-жолдарынды көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-ға мүше болып табылмайтын мемлекеттердің әкету кезінде – тауарларды алып өту, өткізу және (немесе ) тиеп-жөнелту басталғаннан кешіктірілмей;

4) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде – тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиеп-жөнелту басталғаннан кешіктірілмей;

5) ЕАЭО-ға мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағына халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде автомобиль өткізу пунктінде ұсынады.

Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан немесе Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің

аумағына автомобиль көлігі не әуе кемесі арқылы тауарларды әкелу немесе әкету кезінде мемлекеттік кірістер органының қызметкері, ТІЖ-ге тиісті белгі қою арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту фактісін растауды жүргізеді.

16. ТІЖ алушы ТІЖ ЭШФ АЖ-да тіркелген күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде расталған немесе бас тартылған ТІЖ ұсыну жүзеге асырылатын, көліктің кез келген түрі арқылы тауарды жеткізуді (тасымалдауды) қоспағанда, АЖ арқылы ұсынады ЭШФ АЖ-да ТІЖ тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде " Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен ЭЦҚ-мен қол қойылған, расталған және бас тартылған ТІЖ ЭШФ АЖ арқылы ұсынады.";

17-тармақтын 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Тауарлар тізбесінің реттік нөмілері 3 және 3-1-жолдарында көрсетілген тауарларды түпкілікті тұтынушыға өткізу кезінде талап етілмейді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Толық емес және (немесе) дұрыс емес деректерді көрсете отырып рәсімделген, сондай-ақ алушы растамаған немесе бас тартпаған, осы тармақта белгіленген жағдайларды қоспағанда, ТІЖ:

1) тауарды көліктің кез келген түрі арқылы жеткізу (тасымалдау) кезінде – ЭШФ АЖ-да ТІЖ тіркелген күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде;

2) көлікті пайдаланбай тауарды жеткізу кезінде – ЭШФ АЖ-да ТІЖ тіркелген күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жеткізуші (әкелу кезінде – алушы) түзетуге немесе кері қайтарып алуға жатады.

Бұл ретте ТІЖ рәсімделген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелу немесе Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту фактісі расталған әкелу (әкету) кезінде, кері қайтарып алуға жатпайды.";

21-тармақтың мәтініне орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тілінде өзгермейді;

22-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"22. ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3, 3-1 және 4-жолдарында көрсетілген тауарларды алушы бастапқы ТІЖ ресімдейді, ол арқылы тауарлар виртуалды қоймаға түседі.";

23-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан әкелу немесе Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде тауарларды осындай тасымалдауды жүзеге асыратын тұлға (жүргізуші) Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік шекарасынан өту кезінде мемлекеттік кірістер органының қызметкеріне осы тасымалданатын тауарға ТІЖ тіркеу нөмірін ұсынуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Бастапқы ТІЖ бойынша виртуалды қоймаға кіріске алынған, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу бойынша алушы, қажет болған жағдайда, виртуалды қойма арқылы электрондық шот-фактуралар жазып берілетін тауарларды қоспағанда, Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3, 3-1 және 4-жолдарында көрсетілген тауарлар виртуалды қоймадан есептен шығаруды жүргізеді.";

24 және 25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3, 3-1 және 4-жолдарында көрсетілген тауарлар:

тауардың ID-ін қамтитын деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының чегінің негізінде – өткізілген күннен бастап күнтізбелік 16 (он алты) күн өткеннен кейін автоматты түрде;

өз мұқтажы үшін, өндірісте, қызмет көрсетуде, жұмыстарды орындауда пайдалану кезінде;

бүлінген, жоғалған, ұрланған, кәдеге жаратылған кезде;

қадағалап отыру тоқтатылған кезде;

осы Қағидалардың 17-тармағының 3) тармақшасында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін, бөлшек сауда субъектісіне рәсімделген ТІЖ бойынша тауарларды алу кезінде ТІЖ рәсімделген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін автоматты түрде өткізуге ТІЖ рәсімдеусіз виртуалды қоймадан есептен шығарылады.

25. ЭШФ АЖ-де тіркелген ТІЖ Салық кодексінде белгіленген талап қою мерзімі ішінде ЭШФ АЖ-да тіркелген күннен бастап сақталады.

Қағаз ТІЖ тіркеу және есепке алу журналында, сондай-ақ қағаз ТІЖ тіркеу және есепке алу журналында тіркелген ТІЖ тіркеу күнінен бастап Салық кодексінде белгіленген талап қою мерзімі шегінде сақталады.";

29, 30, 31 және 32- тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. "Жалпы бөлім" деген А бөлімінде мынадай реттік нөмірлерімен жолдар толтырылады:

"1. ТІЖ нөмірін есепке алу жүйесі" – салық төлеушінің салық есебінде берілетін және тауарларды жеткізуші дербес айқындайтын ТІЖ реттік нөмірі (бұл жолды толтыру міндетті емес);

"2. Тауарды тиеп-жөнелту күні" – күні қолмен толтырылады;

"3. ЭШФ АЖ-да ТІЖ тіркеу нөмірі" – ЭШФ АЖ ТІЖ тіркеу кезінде автоматты түрде толтырылады (ЭШФ АЖ қатысушысымен толтыруға және (немесе) редакциялауға арналмаған);

"3.1. ЭШФ АЖ-да ТІЖ тіркеу күні мен нөмірі" – ЭШФ АЖ-да автоматты түрде толтырылады және рәсімдеудің нақты уақытына сәйкес келеді;

"4. Актінің/Таңбалауға жататын тауарлар бойынша хабарламаның нөмірі" – тауарларды қабылдау/беру актісінің немесе әкелу туралы хабарламаның тіркеу нөмірі көрсетіледі (бұл жолды толтыру міндетті емес);

"4.1. Актінің/Цифрлық таңбалау бойынша хабарламаның күні" – тауарларды қабылдау/беру актісінің немесе әкелу туралы хабарламаның күні көрсетіледі (бұл жолды толтыру міндетті емес);

"5. ТІЖ түзету" – ЭШФ АЖ-да түзетілетін ТІЖ тіркеу нөмірі көрсетіледі, жеткізушіні және (немесе) тауарларды алушыны ауыстыруға әкеп соқтырмайтын қателерді түзету қажет болған жағдайда, жойылғанның орнына ТІЖ рәсімдеу қажет болған кезде белгі қойылады;

"5.1. ЭШФ АЖ түзетілген ТІЖ тіркеу нөмірі" – ЭШФ АЖ-да түзетілетін ТІЖ тіркеу нөмірі көрсетіледі;

"6. ТІЖ бойынша, бұрынғы тауарды қайтару" – тауарды қайтару қажет болған кезде "Өнім берушінің деректемелері" деген В бөлімде алушының деректемелерін, " Алушының деректемелері" деген С бөлімде өнім берушінің деректемелерінде белгі қойылады;

"6.1. ЭШФ АЖ ТІЖ тіркеу нөмірі" – ЭШФ АЖ-да бұрын рәсімделген ТІЖ тіркеу нөмірі көрсетіледы;

"7. Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу" – қажет болған кезде торкөзге тиісті белгі қойылады:

"7.1. Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу";

"7.2. Қайта өңдеуге әкелу";

"7.3. Уақытша әкелу";

"7.4. Уақытша әкетілген тауарды әкелу";

"7.5. АЭА аумағына тауарларды әкелу" – белгісі қойылады:

"7.5.1. АЭА атауы" – тауарларды "еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ" ( бұдан әрі – АЭА) аумағына өткізу қажет болған кезде толтырылады (көрсетілетін тізімнен таңдалады);

"8. Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкету" – қажет болған кезде торкөзге тиісті белгі қойылады:

"8.1. Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкету";

"8.2. Қайта өңдеуге әкету";

"8.3. Уақытша әкету";

"8.4. Уақытша әкелінген тауарды әкету";

"8.5. АЭА аумағынан тауарларды әкету";

"8.5.1. АЭА атауы" – АЭА аумағына тауарларды өткізу қажет болған кезде толтырылады (көрсетілетін тізімнен таңдалады);

"9. Тауарлардың өткізілуі" – қажет болған кезде торкөзге тиісті белгі қойылады:

"9.1. Қазақстан Республикасының аумағына бір тұлға шегінде" – Тауарлар тізбесінің реттік нөмірлері 1, 2, 3 және 3-1-жолдарында көрсетілген тауарларға белгі қойылады;

"9.2. ЕАЭО шеңберінде бір тұлға шегінде";

"9.3. Өзгеше өткізілуі";

"10. Акцизделетін және басқа да тауарлар (цифрлық таңбалауды қоспағанда)" – қажет болған кезде торкөзде тиісті белгі қойылады:

"10.1. Этил спирті";

"10.2. Толысылған шарап";

"10.3. Сыра қайнату өнімі";

"10.4. Алкоголь өнімі (сыра қайнату өнімінен басқа)";

"10.5. Мұнай өнімдері";

"10.6. Биоотын";

"10.7. Темекі бұйымдары";

"11. Экспорттық бақылауға жататын тауарлар (қосарлы мақсаттағы, әскери мақсаттағы)" – экспорттық бақылауға жататын тауарлармен операцияларды (қосарлы мақсаттағы, әскери мақсаттағы) жүзеге асыру қажет болған кезде белгі қойылады;

"12. Таңбалауға жататын" – қажет болған кезде торкөзде тиісті белгі қойылады.

30. "Жеткізушінің деректемелері" деген В бөлімде мынадай реттік нөмірлерімен жолдар толтырылады:

"13. Жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН/БСН)" – жеткізуші енгізеді, әкелу кезінде алушы енгізеді (егер тауарларды жеткізуші (жөнелтуші) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің резиденті болып табылса, онда бейрезиденттің сәйкестендіру коды (нөмірі) көрсетіледі);

"13.1. Бейрезидент" – егер тауарларды жеткізуші (жөнелтуші) бейрезидент болып табылса, торкөзде белгісі қойылады;

"14. Жеткізушінің/жөнелтушінің атауы";

"15. Құрылымдық бөлімшенің БСН";

"16. Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН";

"17. Жеткізушінің санаты";

